



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 90 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 6 маусым N 90в

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 90

P020090_

қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

- 1-тармақтағы "18" деген сан "19" деген санмен ауыстырылсын; осы қаулыға қосымшаға сәйкес 19-қосымшамен толықтырылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 6 маусымдағы
N 90в қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 23 қаңтардағы
N 90 қаулысына
19-қосымша

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі

2002 жылға арналған "Полигондарды жалға алу туралы

мемлекетаралық шарттарды іске асыру"

045 бюджеттік бағдарламасының

ПАСПОРТЫ

1. Құны

3 756 780 мың (үш миллиард жеті жүз елу алты миллион жеті жүз сексен мың) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Z010273_ Заңының 2-бабы;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалға алу шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Z000073_ Заңы;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалға алу шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Z000076_ Заңы;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалға алу шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Z000070_ Заңы;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ембі сынақ полигонын жалға алу шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Z000082_ Заңы;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға алу және Приозерск қаласының тіршілік әрекетін қамтамасыз ету жағдайлары туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Z000074_ Заңы;

"Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Ресей Федерациясы 929 Мемлекеттік ұшу-сынақ орталығын (Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан объектілер мен жауынгерлік алаңдарды) пайдалану тәртібі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан

Республикасының 2000 жылғы 5 шілдедегі Z000080_ Заңы;

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігінің Ресей Федерациясы 4 Мемлекеттік орталық полигонын (Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан объектілер мен жауынгерлік алаңдарды) пайдалану тәртібі туралы келісімді бекіту туралы" 2000 жылғы 20 шілдедегі Z000071_ Заңы;

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ембі полигонын пайдалану және жалға алу жағдайлары туралы келісімді бекіту туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Z000081_ Заңы;

Әскери кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы ТМД қатысушы-мемлекеттерінің 1998 жылғы 6 наурыздағы Үкіметаралық Келісімі;

Әскери ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы В943200_ шарт;

Сынақ полигондарын пайдалану тәртібі туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1993 жылғы 22 қаңтардағы келісім;

"Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына оқуға қабылдау туралы" 2000 жылғы 7 сәуірдегі N 335/5/14-2 Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігі арасындағы келісім-шарт.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көзі

Шығындарды өтеу өтемақы негізінде жүзеге асырылады.

Есеп айырысудың ақшалай түріне көшкен жағдайда қаржыландыру республикалық бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан әскери полигондарды пайдаланғандығы үшін жалдау ақысы республикалық бюджет кірісінде к о р с е т і л е д і .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Бағдарламаның негізгі мақсаты - қазақстандық әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарында даярлау жүзеге асырылмайтын, аса тапшы мамандықтар бойынша Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу о р ы н д а р ы н д а д а я р л а у .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында даярлау

жүргізілмейтін тапшы әскери мамандықтар бойынша әскери кадрларды шет елдерде даярлау үшін қажетті жағдайларды жасау.

Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау, әскери оқу орындарындағы профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру.

Әскери білім туралы стандарт талаптарына қажетті жедел буын әскери басқармасының мамандарын даярлау деңгейін қамтамасыз ету.

Арнайы әскери дайындық талаптарының деңгейін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/!Бағ.!Кіші !Бағдарла.!	Бағдарламаны (кіші	! Іске !Жауапты
с !дар.!бағ. !маның !	бағдарламаны) іске	! асыру ! орын.
№ !лама!дар. !(кіші !	асыру жөніндегі	!мерзімі! даушы.
!ның !лама !бағдарла.!	іс-шаралар	! ! лар
!коды!ның !маның) !	!	!
! !коды !атауы !	!	!

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

1 045 000 "Полигон. 1. Қазақстан Республикасының 2002 Қазақстан
дарды аумағында орналасқан әскери- жылғы Республи.
жалға сынақ полигондарын жалға алғаны 15 қасының
алу ту. үшін Ресей Федерациясынан ақша желтоқ. Қаржы
ралы мем. қаражаттарының республика санға министр.
лекет. бюджетінің кіріс бөлігіне түсуі дейін лігі
аралық Қазақстан Республикасының
шарттар. Үкіметі мен Ресей Федерациясының
ды іске Үкіметі арасындағы Қазақстан
асыру" Республикасының аумағында орна.
ласқан Ресей Федерациясының
929 Мемлекеттік ұшу-сынақ
орталығының объектілері мен
жауынгерлік алаңдарын жалға алу
туралы 1996 жылғы 18 қазандағы
шартты, Қазақстан Республикасы.
ның Үкіметі арасындағы Ембі
сынақ полигонын жалға алу туралы
1996 жылғы 18 қазандағы шартты,

Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы Сарышаған сынақ полигонын жалға алу туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартты, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының 4 Мемлекеттік орталық полигонының объектілері мен жауынгерлік алаңдарын жалға алу туралы 1996 жылғы 18 қазандағы шартты бекіткеннен кейін жүзеге асырылады.

2. Қазақстандық әскери қызметші. 2002 Қазақстан лердің оқуы үшін Ресей Федерация. жылғы Республ. сының Қорғаныс министрлігінен 15 қасының келіп түскен шоттарды тексеру желтоқ. Қорғаныс санға министр. дейін лігі

3. Шартқа сәйкес өтемақы негі. 2002 Қазақстан зінде ұсынылған шоттар бойынша жылғы Республ. ақша қаражаттарын өндіру 15 қасының "Полигондарды жалға алу туралы желтоқ. Қаржы мемлекетаралық шарттарды іске санға министр. асыру" шарттар мен ережелерге дейін лігі сәйкес жүргізіледі

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер

Осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін жоғарғы білікті мамандарға сұранысын қамтамасыз ете алатын болады. 2002 жылы Ресей Федерациясының әскери оқу орындары қазақстандық 267 әскери қызметшілерді, олардың 42-сі тыңдаушы-офицерлер және 225 курсанттарды дайындап шығаратын

болады, және 102 адам, соның ішінде 30 адам тыңдаушы-офицерлер және 72 адам

курсанттар қабылдауды қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта Ресей Федерациясының әскери оқу орындарында 1054 қазақстандық әскери қызметшілер оқып жатыр, олардың 86-сы тыңдаушы-офицерлер және 968-і курсанттар.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.